

Есіл қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2022 жылғы 14 ақпандағы № 20/2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 22 ақпанда № 26873 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабының 3-тармағының 2)-тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24212 болып тіркелген) сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Есіл қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Есіл аудандық
мәслихатының хатшысы

С.Агымбаева

Есіл аудандық мәслихатының
2022 жылғы 14 ақпандағы
№ 20/2 шешіміне
қосымша

Есіл қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық норма м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,05
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,59
3	Қонақ үйлер, демалыс үйлері	1 орын	0,86
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,91
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер,	1 қызметкер	0,91

	банктер, байланыс бөлімшелері		
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,08
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,16
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,30
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,03
10	Кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,13
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,09
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,07
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,05
14	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	Сауда алаңы 1 м2	0,54
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м2	0,56
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,26
17	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,26
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,52
19	Вокзалдар, автовокзалдар	Жалпы алаңы 1 м2	0,43
20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,29
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,42
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,8
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,1
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0,26

25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,53
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,5
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,90
28	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және т. б.)	1 жұмыс орны	0,51
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,21
30	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушылар	0,44
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,44

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЖС – автожанармай құю станциялары

м2 – шаршы метр

м3 – текшее метр